

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидасын бекіту туралы" 2011 жылғы 11 мамырдағы № 493 және "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің көліктік бақылау саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 5 қыркүйектегі № 1153 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 1399 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 7 желтоқсандағы № 778 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 07.12.2016 № 778 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) «Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 мамырдағы № 493 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 37, 452-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидасында:

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) автомобильмен тасымалдаушы (бұдан әрі – тасымалдаушы) – меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдарына иелік ететін, жолаушыларды, багажды, жүктерді немесе поштаны тасымалдауда ақылы немесе жалданып қызметтер көрсететін жеке немесе заңды тұлға»;

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

«14-1) электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындаушы (бұдан әрі – карточкаларды дайындаушы) – электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындау және беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға»;

23) және 27) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«23) өтініш беруші – электрондық (цифрлық) тахографқа электрондық карточка беру үшін карточкаларды дайындаушыға өтініш білдірген жеке немесе заңды тұлға;»;

«27) тахограф – жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін тіркеудің механикалық не электрондық (цифрлық) бақылау құрылғысы;»; мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Осы Қағиданың 3-тармағында көрсетілген тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде автобустарды, жүк, оның ішінде мамандандырылған автомобильдерді:

1) жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін тіркеудің бақылау құрылғыларынсыз (тахографтарсыз);

2) ақауы жоқ тахографты ажыратып;

3) диаграммалық дискілерді толтырмай;

4) бұрын пайдаланылған диаграммалық дискілерді қолданып;

5) электрондық (цифрлық) тахографтарды қолданған жағдайда, электрондық карточкаларды пайдаланбай;

6) жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін күнделікті тіркеу парақтарын жүргізбей (бақылау құрылғысының ақауы болған жағдайда) пайдалануға жол берілмейді.»;

53, 71, 97, 98 және 103-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«53. Тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды жүргізуді облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметтің жүзеге асырыла бастағаны туралы белгіленген нысандағы хабарламаны берген жеке немесе заңды тұлғалар жүзеге асырады.»;

«71. Тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметтің жүзеге асырыла бастағаны туралы хабарлама берген жеке және заңды тұлғалардың тізіліміне енгізілген белгінің нысанын, мазмұнын және бедерін Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) бекітеді және олар КҚЕК талаптарына сәйкес келуі тиіс.»;

«97. Тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметтің жүзеге асырыла бастағаны туралы хабарламаны берген жеке және заңды тұлғалардың тізілімін (бұдан әрі – тізілім) облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары жүргізеді.»;

«98. Жеке немесе заңды тұлғалар тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастамас бұрын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына белгіленген нысанда хабарлама жіберуге міндетті.»;

«103. Жеке тұлғаның тұрғылықты мекенжайы, заңды тұлғаның орналасқан жері, хабарламада көрсетілген қызметті немесе іс-қимылды жүзеге асыру мекенжайы, сондай-ақ хабарламада толтыру үшін ол туралы ақпарат міндетті болып табылатын тіркеу деректері өзгерген жағдайда, субъект он жұмыс күні ішінде көрсетілген өзгерістер туралы облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына хабарлама беруге м і н д е т т і . » ;

6-бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды сертификаттау, дайындау және беру тәртібі»;

112-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«112. Электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындауды және беруді «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен уәкілетті органға белгіленген нысанда электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындау және беру жөніндегі қызметтің жүзеге асырыла бастағаны туралы хабарлама берген жеке немесе заңды тұлғалар жүзеге асырады.»;

мынадай мазмұндағы 112-1, 112-2, 112-3, 112-4 және 112-5-тармақтармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«112-1. Электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындау және беру жөніндегі қызметтің жүзеге асырыла бастағаны туралы хабарлама берген жеке және заңды тұлғалардың тізілімін (бұдан әрі – карточкаларды дайындаушылар тізілімі) уәкілетті орган жүргізеді.

112-2. Карточкаларды дайындаушыларды тізілімнен алып тастау субъектінің өтініші, дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметіне немесе қызметінің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы сот шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда жүзеге асырылады.

112-3. Карточканы дайындаушы электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындау және беру жөніндегі жұмысты жүзеге асыруды бастамас бұрын және белгіленген нысанда хабарлама жібермес бұрын көліктік бақылау саласындағы уәкілетті органмен электрондық (цифрлық) тахографтарға карточкалардың үлгілерін келіседі.

112-4. Карточканы дайындаушы:

1) электрондық (цифрлық) тахографтарға берілген, қолданыстағы, жоғалған және алмастырылған карточкалар туралы деректерді жазады;

2) басқа тұлғаларға карточканың PIN-кодын жарияламайды;

3) карточкалардың басқа тұлғалардың қолдану мүмкіндігі туралы көліктік бақылау саласындағы уәкілетті органға хабарлайды;

4) электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды

дайындау және беру бойынша орындалған жұмыстар туралы ақпаратты тіркеу және есепке алу журналын жүргізеді.

112-5. Карточкаларды дайындаушы бағдарламалық-техникалық құралдарды Тахографтар бойынша дерекқорға қосуды қамтамасыз етеді.»;

131-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«131. Карточкалар беруді карточкаларды дайындаушы жүзеге асырады.

Карточкалардың күшін жою туралы шешім қабылдауды көліктік бақылау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.»;

132-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) бұрынғы карточканы жасау кезінде карточкаларды дайындаушыға берілген деректер өзгергенде;»;

134-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«134. Жүргізуші карточкасын беру үшін карточкаларды дайындаушыға мынадай құжаттар ұсынылады.»;

136-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«136. Тасымалдаушы карточкасын беру үшін карточкаларды дайындаушыға мынадай құжаттар ұсынылады.»;

138-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«138. Сервис орталығының карточкасын беру үшін карточкаларды дайындаушыға мынадай құжаттар ұсынылады.»;

139-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«139. Бақылау карточкасы көліктік бақылау және жол қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның қызметкерлеріне беріледі.

Көліктік бақылау инспекторы не жол полициясы инспекторы қолданыстағы бір бақылау карточкасын ғана иелене алады.

Бақылау карточкалары екі жыл мерзімге беріледі.»;

140-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«140. Бақылау карточкасын беру үшін карточкаларды дайындаушыға мынадай құжаттар ұсынылады.»;

140-1, 143, 145, 146 және 147-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«140-1. Карточканы дайындаушы 15 жұмыс күннен кешіктірмей тиісті құжаттарды бергеннен кейін жүргізушінің, тасымалдаушының, сервис орталығының карточкаларын немесе бақылау карточкасын беруді не оларды беруден дәлелді бас тартуды жүзеге асырады.»;

«143. Егер бұрынғы карточканы берген кезде карточканы дайындаушыға берілген деректер өзгерсе, карточканы беруге арналған өтініш тиісті өзгерістер енгізілген сәттен бастап күнтізбелік 15 күннен кешіктірмей беріледі.»;

«145. Карточканы дайындаушы осы Қағиданың 135, 137, 139, 141-тармақтарында көрсетілген Өтініш беруші ұсынған құжаттардағы деректерді

т і р к е й д і .

146. Берілген карточкаларды және карточкаларды беруге арналған өтініштерді тіркеуді карточкаларды дайындаушы арнайы журналда жүргізеді.

147. Карточкаларды дайындаушы карточка беру үшін алынған өтініштер жөнінде тіркелген деректерді не Өтініш берушіде карточкалар болған жағдайда оларды беруден бас тартуды көліктік бақылау саласындағы уәкілетті органға ұсынады. » ;

148-тармақ алынып тасталсын ;

150, 151, 152 және 154-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«150. Берілген карточкалар жөніндегі құжаттар олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін карточкаларды дайындаушыда сақталады.

151. Карточкалардың күшін жою немесе күшін жоюдан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, карточкаларды дайындаушы ол туралы көліктік бақылау саласындағы уәкілетті органды немесе карточканы ұстанушыны хабардар етеді .

152. Көліктік бақылау саласындағы уәкілетті орган берілген және күші жойылған карточкалар туралы деректерді өзінің жанынан құрылған тізілімге енгізеді . » ;

«154. Карточканы ұрлатып немесе жоғалтып алған жағдайларды қоспағанда, карточканың күші жойылған жағдайда, карточканы ұстаушы оны күнтізбелік 15 күннің ішінде карточкаларды дайындаушыға қайтарады.»;

155-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) карточканы беру кезінде карточкаларды дайындаушыға ұсынған деректер өзгергенде ; » ;

156-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«156. Көліктік бақылау саласындағы уәкілетті орган карточканың күшін жою туралы шешімді мынадай жағдайларда қабылдайды:»;

156-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) карточканы ұстаушының қайтыс болуы, тасымалдаушының, сервис орталығының немесе көліктік бақылау және жол қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органдарының жойылуы (қызметін тоқтатуы);»;

157-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«157. Карточканың күші жойылған жағдайда, өтініш беруші карточканы алу үшін осы Қағидада көзделген тәртіппен карточкаларды дайындаушыға өтініш жасай алады . » ;

158-тармақтың 7), 8), 9) және 11) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын :

«7) егер карточканың PIN-коды жоғалған болса немесе үшінші тұлғаға белгілі болса, жаңа карточка алуға карточкаларды дайындаушыға құжаттар тапсырады

не карточканың күшін жоюға еркін түрде жазбаша өтініш береді;

8) карточканың бүліну, жоғалу немесе ұрлану фактілері белгілі болғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде карточкаларды дайындаушы жаңа карточканы беруге немесе карточканың бүліну, жоғалу немесе ұрлану жағдайын көрсету арқылы еркін нысандағы жазбаша өтініш және карточка жоғалған немесе ұрланған жағдайда, карточканың жоғалғанын не ұрланғанын растайтын құжаттарды береді;

9) ағымдағы карточканы алу үшін егер карточкаларды дайындаушыға берген деректер өзгерсе, күнтізбелік 15 күннен кешіктірмей карточкаларды дайындаушыға жаңа карточканы беруге құжаттарды не карточканы жоюға еркін нысандағы жазбаша өтініш береді»;

«11) карточканың жоғалу, ұрлану жағдайларын қоспағанда, егер карточка жарамсыз болып табылса, күнтізбелік 15 күн ішінде карточканы карточкаларды дайындаушыға тапсырады.»

2) «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің көліктік бақылау саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қыркүйектегі № 1153 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж. , № 70 , 1007 - құжат) :

1-тармақтың 2) және 5) тармақшалары алынып тасталсын: көрсетілген қаулымен бекітілген «Жолаушыларды облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысшілік қалааралық) және халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау қызметімен айналысу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензия телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет стандартында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «1. «Жолаушыларды облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысшілік қалааралық) және халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау қызметімен айналысу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензия телнұсқасын беру» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің «Халыққа қызмет көрсету орталықтары» республикалық мемлекеттік кәсіпорны (

бұдан әрі – ХҚО) арқылы осы стандартқа 1 және 2-қосымшаларда көрсетілген мекенжайлар бойынша, сондай-ақ www.elicense.kz «Е-лицензиялау» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мемлекеттік қызмет «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14, 16-баптарына, «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына, «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабына сәйкес жүзеге асырылады.»;

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының интернет-ресурсында;»;

12, 16, 17, 19, 20 және 21-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«12. ХҚО-да бекітілген нысандағы өтініш бланкілері күту залында арнайы орындарда не ХҚО қызметкерінде, сондай-ақ ХҚО: www.con.gov.kz., облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес интернет-ресурсында орналастырылады.»;

«16. ХҚО мемлекеттік қызметті алушы осы стандартқа 11-тармағында көрсетілген құжаттардың бірін ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бастартады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары лицензияны беруден мынадай:

1) аталған субъектілер санаты үшін қызмет түрлерімен айналысу Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған;

2) қызмет түріне лицензия беруге арналған өтініш берілген жағдайда, қызметтің жекелеген түрімен айналысу құқығына лицензиялық алым енгізілмеген;

3) өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;

4) өтініш берушіге қатысты оған қызметтің жеке түрімен айналысуға тыйым салатын соттың үкімі заңды күшіне енген;

5) сот атқарушысының ұсынымы негізінде сот өтініш берушіге лицензия алуға тыйым салған жағдайларда;

6) «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабында көзделген негіздер болған жағдайларда, бастартады.

17. Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары мен ХҚО-ның мемлекеттік қызметті алушыларға қатысты

қызметі сыпайылық, толық ақпарат ұсыну, оның сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету қағидаттарына және адамның конституциялық құқықтарының, қызметтік борышын атқару кезінде заңдылықтың, Мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексiнiң сақталуына негiзделедi.»;

«19. Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергiлiктi атқарушы органдарының жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердiң сапасы мен тиiмдiлiгi көрсеткiштерiнiң нысаналы мәндерi жыл сайын олардың тиiстi нормативтік құқықтық актілерiмен бекітіледi.

20. Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергiлiктi атқарушы органдары маманының немесе ХҚО қызметкерiнiң әрекетiне (әрекетсiздiгiне) шағымдану тәртібiн түсiндiру және шағымды дайындауда жәрдем көрсету үшiн мемлекеттік қызметтi алушы тиiстi әкiмнiң атына немесе ХҚО-ға осы стандартқа 1 және 2-қосымшаларда көрсетiлген мекенжайлар мен телефондар арқылы жүгiнедi.

Шағымдану тәртібi туралы ақпаратты «электрондық үкiмет» call-орталығының ақпараттық-анықтама қызметiнiң 1414 телефоны арқылы алуға болады.

21. Көрсетiлген мемлекеттік қызмет нәтижелерiмен келiспеген жағдайда, шағым қағаз тасығышта облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергiлiктi атқарушы органдарына демалыс және мереке күндерiн қоспағанда, сағат 13.00-ден сағат 14.00-ге дейiн түскi асқа үзiлiспен, жұмыс күндерi сағат 9.00-ден сағат 18.00-ге дейiн осы стандартқа 1 және 2-қосымшаларда көрсетiлген мекенжайларға берiледi.

Көрсетiлетiн мемлекеттік қызметтi алушының шағымы тiркелген күнiнен бастап бес жұмыс күнi iшiнде қаралады.»;

22-тармақ мынадай мазмұндағы екiншi бөлiкпен толықтырылсын:

«Көрсетiлетiн мемлекеттік қызметтi алушының шағымы тiркелген күнiнен бастап бес жұмыс күнi iшiнде қаралады.»;

мынадай мазмұндағы 22-1-тармақпен толықтырылсын:

«22-1. Көрсетiлген мемлекеттік қызмет нәтижелерiмен келiспеген жағдайда, көрсетiлетiн мемлекеттік қызметтi алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөнiндегi уәкiлеттi органға шағымдануға құқылы.

Көрсетiлетiн мемлекеттік қызметтi алушының шағымы тiркелген күнiнен бастап он бес жұмыс күнi iшiнде қаралады.»;

көрсетiлген Стандартқа 1 және 5-қосымшалар осы қаулыға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнiнен бастап күнтізбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi.

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2013

жылғы

25

желтоқсандағы

№

1399

қаулысына

1-қосымша

«Жолаушыларды облысаралық қалааралық,
ауданаралық (облысішілік қалааралық)

және халықаралық қатынастарда автобустармен,
шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау,

сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста

автобустармен, шағын автобустармен

тұрақты тасымалдау бойынша қызметпен айналысу

құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу,

лицензия телнұсқасын беру»

мемлекеттік қызмет стандартына

1-қосымша

Жергілікті атқарушы органдар тізбесі

р/с №	Әкімдіктердің атауы	Толық заңды мекенжайы	Байланыс телефоны, электрондық пошта мекенжайы
1	2	3	4
1	Алматы облысының әкімдігі	Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 38	8 (7282) 27-0000 www.zhetysu-gov.kz
2	Павлодар облысының әкімдігі	Павлодар қаласы, Академик Сәтпаев көшесі, 49	8 (7182) 32-3000 www.pavlodar.gov.kz
3	Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі	Шымкент қаласы, Тәуке хан көшесі, 6	8 (7252) 53-7000 www.ontustik.gov.kz
4	Атырау облысының әкімдігі	Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77	8 (7122) 35-4000 www.e-atyrau.kz
5	Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі	Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 40	8 (7232) 57-8000 www.akimvko.gov.kz
6	Қарағанды облысының әкімдігі	Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 13	8 (7212) 42-1000 www.karaganda-region.kz
7	Қызылорда облысының әкімдігі	Қызылорда қаласы, Жахаев көшесі, 76	8 (7242) 27-0000 www.e-kyzylorda.gov.kz
8	Астана қаласының әкімдігі	Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11	8 (7172) 55-0000 www.astana.kz
9	Қостанай облысының әкімдігі	Қостанай қаласы, Әл-Фараби көшесі, 66	8 (7142) 57-5000 www.kostanay.gov.kz

10	Ақмола облысының әкімдігі	Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 83	8 (7162) www.akim@akmo.kz	29-7
11	Ақтөбе облысының әкімдігі	Ақтөбе қаласы, Әбілхайырхан көшесі, 40	8 (7132) www.akto.kz	54-3
12	Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі	Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 58	8 (7152) www.sko.kz	46-4
13	Маңғыстау облысының әкімдігі	Ақтау қаласы, 14 шағын ауданы 1-үй	8 (7292) www.mangystau.kz	31-4
14	Батыс Қазақстан облысының әкімдігі	Орал қаласы, Достық даңғылы, 179	8 (7112) www.bko.gov.kz	51-0
15	Жамбыл облысының әкімдігі	Тараз қаласы, Абай көшесі, 125	8 (7262) www.zhambyl.kz	43-1
16	Алматы қаласының әкімдігі	Алматы қаласы, Республика алаңы, 4	8 (7272) www.almaty.kz	71-0

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2013 жылғы 25 желтоқсандағы

№ 1399 қаулысына

2-қосымша

«Жолаушыларды облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысішілік қалааралық) және халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау бойынша қызметпен айналысу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензия телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет стандартына

5-қосымша

Жолаушыларды облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысішілік қалааралық) және халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау қызметін жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес құжаттар тізбесі

1) меншік құқығындағы немесе өзге заңды негіздерде автобустар мен шағын автобустардың бар екенін растайтын құжаттардың көшірмелері;

2) меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тасымалдаушыға тиесілі жөндеу-өндірістік базасының бар екенін растайтын құжаттардың не ұйыммен(-дармен) жасасқан қызметтер көрсету туралы шарттың көшірмелері;

3) автобустар мен шағын автобустарға рейс алдындағы техникалық байқау, жүргізушілерге рейс алдындағы (ауысым алдындағы) медициналық тексеру жүргізу үшін қызметтердің және білікті персоналдың бар екенін растайтын құжаттардың не осындай қызметті жүзеге асыратын тиісті ұйымдармен ш а р т т а р д ы ң к ө ш і р м е л е р і ;

4) тахографтарды тексеру туралы тиісті сертификаттың көшірмелері;

5) автобустар мен шағын автобустар иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының және тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарының, сондай-ақ тасымалдауға ұсынылатын барлық жылжымалы құрамға міндетті техникалық байқаудан өткізу туралы куәліктердің к ө ш і р м е л е р і ;

6) жеке тұлға үшін – тиісті санаттағы жүргізуші куәлігінің не заңды тұлға үшін жүргізуші құрамының тиісті санаттағы жүргізуші куәліктерінің, тиісті санаттағы көлік құралдары жүргізушісінің жұмыс өтілін растайтын құжаттың к ө ш і р м е л е р і ;

7) тасымалдарды жүзеге асыру қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғаны айқындау туралы б ұ й р ы қ т ы ң к ө ш і р м е л е р і .

Салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда, мемлекеттік қызметті алушы жоғарыда көрсетілген құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін ұсынады.